

Индер ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 2016 жылғы 28 наурыздағы № 360-V шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 сәуірде № 3483 болып тіркелді

Ескерту. Шешімнің атауына өзгеріс енгізілді - Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 24.08.2016 № 31-VI шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1 тармағының 15) тармақшасына және "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 10030 санымен тіркелді) сәйкес, Индер аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Индер ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 24.08.2016 № 31-VI шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың заңдылықты сақтау, депутаттық этика, құқық қорғау және экология мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Ж. Амантурлин) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
I сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат
хатшысы*

С. Құлғалиев

Б. Сапаров

Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы "28"
наурыздағы № 360-V шешіміне қосымша

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 24.08.2016 № 31-VI шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Индер ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық жинақталатын қалдықтар объектілері	Есептік бірлік	Жылына 1 есептік бірлікке келетін м ³ коммуналдық жинақталу қалдықтарының нормалары
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,0
2	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	3,0
3	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,5
4	Қонақ үйлер	1 орын	2,8
5	Балабақшалар	1 орын	1,5
6	Емханалар	1 адам	3,0
7	Ауруханалар	1 төсек-орын	3,9
8	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отырғызылатын орын	2,3
9	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	3,9
10	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	1,5
11	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,25
12	Автомобильді жуу орындары	1 машина-орын	4,04
13	Тұрмыстық қызмет көрсету үйлері: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²	3,9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМҚ